

# Егемен Қазақстан

Қайраткер журналист



Қазақстанның Құрметті журналисі, филология ғылымдарының докторы, ҰҒА академигі, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры Уәлихан Қалижанұлы жазушы-журналист Сарбас Ақтаев ағамыз айтқандай, «қазақ журналистикасының балалығы – «Ұланды», жастығы – «Жас алашты», даналығы – «Егемен Қазақстан» газетін басқарған тұлға.

Бүгінде Шерхан Мұртаза ағам айтқан «жет те піс» деген, яғни жетпіске толып отырған замандас-ағамыз, атақты ақындар мен батырлар елі деп аталатын Алматы облысы,

Жамбыл ауданы, Бесмойнақ ауылында дүниеге келді. Жастайынан қиыншылық көріп өсті. Өйткені әкесі Қалижан сәбиі өмірге келгеннен соң бір айдан кейін дүниеден өтіпті. Сондықтан бар ауыртпашылықты анасы Мәртай Қолғанатқызы көтерген.

Уәкеңнің анасы Мәртай Қолғанатқызы ауылдағы белгілі қолөнерінің шебері, айтысқа қатысқан ақын және ескі жырларды жақсы білетін жан болған. Сондықтан да Уәлихан Қалижан бала кезінен Сүйінбай мен Жамбылдың өлеңдерін бойына сіңіріп өсті. Ал 1955 жылы Жангелді орта мектебінің бірінші сыныбына барды. Әдебиеттен Ұлы Отан соғысының ардагері Кәбіржан деген кісі сабақ беріпті. Осылай әдебиетке деген Уәлихан ағаның сүйіспеншілігі екі тараптан қатар өрбіді. Ал 1962 жылы Алматыдағы жалғыз №12 қазақ орта мектебінің 6-сыныбына келіп оқуын жалғастырды. Осы жерде атақты ұстаз, Ленин орденді мұғалім Әлия Дүйсенованың сынып жетекшілігімен әдебиетке деген бұрынғы құмарлығы арта түседі. Өйткені бұл мектепке Алматыдағы атақты жазушылармен кездесулер жиі өтіп тұратын. Сырбай Мәуленов, Зейнолла Қабдолов, Жұбан Молдағалиев және басқа да өнер адамдары оқушылармен жиі жүздесетін. Сырбай Мәуленовке арнап, бала Уәлихан өлең жазады:

Сіз болсаңыз құяр жері сағаның,

Мен де солай көз жазбаймын ағамын.

Әрине, ақындық – дара қасиет, ұлы қасиет. Бірақ Жүмекен Нәжімеденовпен кездесу оның көзқарасын мүлдем өзгертіп жібереді. Бұл кезде Жүмекен Нәжімеденов «Лениншіл жас» газетінің бөлім меңгерушісі болатын. Жүмекен ағасы «Қаптаған көп ақынның бірі болғанша, прозаға бар. Сенің жазғандарыңды оқыған соң мен осындай ойға келдім» дейді.

1966 жылы Хрущевтің реформасына сәйкес мектепті 10-11 сынып оқушылары қатар бітірді. Уәлихан аға әуелі құжаттарын Қазақ политехникалық институтының автоматика және телемеханика факультетіне тапсырады. Өйткені ол кезде инженер кадрларын даярлау мемлекеттік саясаттың үлкен бағдарламасы еді. Бірақ әдебиетке деген құмарлық

Уәлихан Қалижанұлын құжаттарын қайтып алып, Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне баруға жетелейді. Емтиханнан сүрінбей өтеді. Әдебиеттен Сүйінбай мен Қатағанның айтысы екінші сұрақ болып түседі. Сонда Уәкең: «Мен сіздерге Сүйінбай мен Қатаған айтысының анамнан естіген нұсқасын айтайыншы», – дейді. Бұған емтихан алып отырған Сұлтанғали Садырбаев, Мырзатай Жолдасбеков, Рымғали Нұрғалиев, Мұхтар Мағауин келісе кетеді. Осылай ол студент атанады. Университетте Уәлихан Қалижанұлы атақты профессор Бейсембай Кенжебаевтың көзіне түседі. Және ол кісі діншіл, ескішіл, кертартпа деп аталып жүрген ақындар жайлы зерттеу жасау керектігін айтады. Студенттердің республикалық ғылыми байқауына «Нұржан Наушабаевтың өмірі мен әдеби мұрасы» деген тақырыпта баяндама дайындайды. Бұл жұмыс республикалық байқаудың екінші жүлдесін алған еді. Уәлихан Қалижанұлының алдында ғылым жолы көрінгендей еді. Бірақ аспирантураға күндізгі бөлімге орын болмай, Уәкең сырттай оқуға түсуге мәжбүр болады. Сөйтіп ол бірде радио, бірде теледидар, бірде «Жетісу» газетін жағалай жүріп, қызметке орналаса алмай, алты айдай жүріп қалады. Тағдыр Уәкеңді «Жетісу» газетіне алып келді. Осы жерде алты ай қаламақыға жұмыс істеп, алғашқы журналистика мектебінен өтті. «Жетісу» газетінде Уәкең жеті жыл қызмет істеді. Уәлихан Қалижанұлы «Менің журналистік факультетім

«Жетісу» газеті деп» әлі күнге айтып отырады. «Жетісу» газеті болашақ қаламгердің бағын ашты. Осы жерден ол Орталық комсомол комитетінің баспасөз секторының меңгерушісі қызметіне шақырылды. Үш жылдан кейін «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетіне редакторлыққа бекіді. Мұнда да жеті жыл қызмет істеді. 1986 жылдың желтоқсанында Уәлихан Қалижанұлы «Лениншіл жас» газетіне бас редактор болып тағайындалды. Ол осылай өмір сынынан, абырой сынынан сүрінбей өтті. «Лениншіл жас» атауын 1991 жылы тамыздағы ГКЧП оқиғасынан кейін бір түнде ешкіммен келіспестен «Жас алаш» деп өзгертіп жіберді. Бұл Уәлихан Қалижанұлының жеке ерлігі ғана емес, азаматтық болмысы еді. Айта кетелік, «Лениншіл жас» – «Жас алашта» да табаны күректей жеті жыл қызмет істеді. «Жас алаш» та Уәлихан Қалижанның бағын аша түсті. 1994 жылы ол XIII шақырылған Жоғарғы Кеңестің депутаттығына сайланды. Жоғарғы Кеңесте астананы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру жөніндегі Президент ұсынысын қолдаған депутаттардың бірі болды.

Жоғарғы Кеңес тарағаннан кейін Уәлихан Қалижанұлы Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрінің орынбасары болып бекіді. Алғашқы бұқаралық ақпарат құралдары жөніндегі заңды дайындаушылардың бірі болды. Бұдан соң Уәлихан Қалижанұлы Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісінің орынбасары болып тағайындалды. Бір жылға жетер-жетпесте «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы болып бекіді.

Сындарлы жылдардың сынынан Уәлихан Қалижанұлы сүрінбей өтті. «Егемен Қазақстан» газетін елордаға көшірді. Газеттің ғимаратын алды. Редакция журналистері түгелдей үймен қамтамасыз етілді. Уәкең «Егеменді» басқарған жылдары Шерхан Мұртаза мен белгілі саясаткер, публицист Камал Смайылов екеуінің бір жарым жылға созылған хат-сұхбатын ұйымдастырды. Газеттің беделі өсті, тиражы көбейді, көкейкесті көп мәселелер көтерілді. Мұндай пікірлерді газетке жариялау үшін газет редакторының азаматтық болмысы биік болуы керек. Уәлихан Қалижанұлы азаматтық ұстанымы бірегей редактор екендігін танытты. Бірақ бұл кезде ол салиқалы саясаттың бел ортасында жүретін. Сондықтан да әуелі, Парламент Сенаты баспасөз қызметінің жетекшісі және баспасөз хатшысы болып біраз жұмыс істеп, одан соң №10 Талғар сайлау округі бойынша Парламент Мәжілісінің депутаты атанды. Осылайша Уәлихан Қалижанұлы Парламент Мәжілісінің II, III, IV шақырылымының депутаты болды. Депутаттық қызмет атқара жүріп, қолынан қаламын тастаған жоқ. Өткір-өткір мақалалар жазды, ғылымнан да қол үзген жоқ. Журналистикадан басталған сол жол

Уәлихан Қалижанұлын бүгінгі биік деңгейге жеткізіп отыр. Ұлтының сөзін сөйлеген, ұлтының тарихын түгендеген мұндай тұлғалар әлбетте халықтың көзінде жүреді. Уәкең қай басылымда қызмет істесе де, кәсіби деңгейі биік басылым дәрежесіне көтерді.

Уәлихан Қалижанұлы – қазақ журналистикасы мен әдебиеті, ғылымы мен саясатында өзіндік қолтаңбасы бар жарқын тұлғалардың бірі. Ұлттық мүддеге мінсіз қызмет етіп келе жатқан арда азамат деп білемін. Ол осындай елеулі еңбегімен де елге кеңінен танылып, халық құрметіне бөленді.

Әрбір тасы бабаларымыз жайлы сыр жинаған, әрбір қайың-терегі, аршасы, көкорай шалғын даласы бабаларымызға жайылып төсек болған, шындары аспанмен астасып,

қуатты күш таратқан Алатау баурайында өскен Уәлихан аға ат жалын тартып мінгелі туған елінің игілігіне барын беріп еңбек етті. Ұлттық сананы оятуға, ұлттық рухтың белін жазып, биікке аспандауына сонау қасаң кеңес заманының өзінде қолынан келгенінше қызмет қылды.

Уәкеңнің мемлекеттік тілдің тынысын ашу жолында атқарған, атқарып жүрген істерін біреу білсе, бірі біле бермейді. У.Қалижанұлы Мәжіліс депутаты ретінде «Дипломатиялық қызмет туралы» заңына «дипломатиялық қызметке баратын тұлғалар мектепті қай тілде тәмамдағанына қарамастан, мемлекеттік тілді жетік білуі тиіс» деген маңызды ұсынысты айтып, кейін ол заң нормасына енгізілді. Осылайша ол ана тіліміздің дипломатиялық қызметтегі қолданылу аясын заң жүзінде кеңейтуге тікелей қатысып еді. Бұл да ұлтжанды азаматтың ел қалаулысы ретіндегі қызметін абыроймен атқарғандығын білдірмей ме?! Оның «Тұңғыш Президент оқуларын» өткізу идеясын ұсынуудағы түпкі мақсат-тілегі де мемлекеттік тілдің әлеуетін арттырумен сабақтасып жатты.

Бір депутаттық сауалы ерекше есімде қалыпты. Уәкең онда шетелге берілген сәбилердің тағдыры туралы терең толғанып, өзге ұлттардың қазақ балаларын асырап алудағы заңнамалық қырларын сөз етіп, ұлттық мүдде тұрғысынан кемшілік екенін алға тартқан еді. «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болады?», ендеше қаракөздердің артынан іздеп барып, туысқаны ретінде танысып, қазақ деген ұлы елдің баласы екенін айтып, шыққан тегі туралы әңгіме өрбітіп, дархан даласы, мұнарлы таулары, айдыншалқар көлдері, көшпенді мәдениетінен бастау алған қайталанбас, бай да мағыналы салт-дәстүрі, мәдениеті бейнеленген суреттер мен аудио, видео жазбалар, т.б. материалдарды беру керек екендігін айтқанда тебіренбеген адам қалмаған шығар. Айтқандай-ақ осы сауалнамадан кейін комиссия құрылып, Уәкең бір топ азаматпен бірге Ұлыбритания, Ирландия, т.б. бірнеше елдегі қазақ балаларының жағдайын біліп, Үкіметке арнайы хат жолдады.

Уәлихан Қалижанұлы осындай бүкіл республика жұртшылығының қабырғасын қайыстырған сәттерде болсын, елде жетіспей жатқан ауруханалар мен мектептер, балабақша, т.б. мәселелерді көтеруде халықтың нағыз уәкілі ретінде әрқашан қаламын қару, қағазын қалқан етіп, елдің көкейінде жүрген пікірлермен санасып Парламент төрінен ұсыныс айтудан, депутаттық сауал жолдаудан жалыққан емес. Оның бастамасымен Еңбекшіқазақ, Талғар аудандарында аурухана тұрғызылды, Алматы облысының Бесағаш, Бесмойнақ ауылдарында мектеп, балабақшалар салынды. Бүгін бұл мекемелер ел игіліне жұмыс жасауда.

Уәдесіне берік, айтқан сөзін орындайтын өмірлік ұстанымынан қай лауазымда жүрсе де, қандай жағдайға кездесе де жаңылған емес. Ірі басшылық жұмысы, адамдар тағдырын арқалаған лауазымды атқару зерделі жанға ғылыммен айналысып, жаңалық ашар еңбектер жазуға зиянын тигізбеді. Уәлихан Қалижанұлы «Президент», «Ел мен ер», «Замана сыны», «Ұлт рухы» сынды кітаптардың авторы. Жақында ғана қос томдығы «Жетісу» кітапханасынан шықты. Қажырлы еңбекті, қалтқысыз қызметті серік еткен Уәкеңнің еліне берері әлі көп деп сенеміз.